

Францияға ядролық материалдар экспорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 сәуірдегі N 489

"Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "КАТЭП ҰАК" акционерлік қоғамына "КАТЭП ҰАК" акционерлік қоғамы мен "КАТКО" бірлескен кәсіпорны арасында 1997 жылы 18 ақпанда жасасылған келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасынан 5 кг сынама түрінде уран концентратын және 2000 литр мөлшерінде құрамында уран бар

ерітінді әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылыми министрлігі - Ғылым Академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттік "КАТЭП ҰАК" акционерлік қоғамының ядролық материалдарды әкетуіне бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі